

**Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының маңыздылығы
(мақала жариялануының үш жылдығына арналған)**



***Ибраева Ақмарал Ғосманқызы,**
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің Ғылым және
инновациялар жөніндегі проректоры, тарих
ғылымдарының докторы, профессор*

Елбасының бағдарламалық мақаласының жариялануына ағымдағы жылғы сәуірдің 12 күні үш жыл толғалы отыр. Бұл уақыт аралығында еліміз жылдар бойы жасалатын қыруар жұмыстар жасалып, айтулы нәтижелерге қол жеткізе алды. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің қоғамдық жүйесін реформалау үшін он тармақтан тұратын жұмыс бағытының сегізінші тармағында: «Бұл біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады. Қазақстанды болашаққа бастайтын жастар. Сондықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет» – делінген. Мемлекет басшысының мақаланың маңыздылығына ерекше мән беруі, еліміздің дамуы мен рухани баюына ықпал етуші фактор ретінде қабылдауынан көрініс тауып отыр.

Бүгін Қазақстан Республикасы саяси жағынан берік, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қуатты мемлекетке айналды. Ата-бабамыз аңсаған «Мәңгілік ел» боламыз деген идея ұрпақтары тарапынан лайықты жалғасын тапты. Жаһандану заманында руханияты биік, ұлттық ұстанымы берік өркениетті қоғам орнату мақсатында жарияланған «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» атты бағдарламалық мақала жұртшылық санасына айтарлықтай серпіліс әкеліп, бұл бағытта қыруар істер атқарылып жатқаны да баршаға аян. Ғасырлар бойы жоғын жоқтаған халықтың арман-тілегі орындалып, келмеске кеткені, санадан өшірілгені қайтадан оралды. Мұның өзі тәуелсіздіктің және ұстанған мемлекеттік саясаттың дұрыстығын айғақтайды.

Мақала еліміздің эволюциялық дамуын қамтамасыз етуде қоғамдық сананы жаңғырту мәні біріктірілген жалпыұлттық құндылықтарды

тереңдетуге мән бере отырып, рухани саланың түпкілікті түрлендіруді болжайды. «Өмір сүру үшін өзгере білу керек» – деген қағидат, барша әлеумет қабылдап, қоғамдық сананың жаңғыруы үдерісі жүріп жатыр

Мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін бұл бағдарлама жыл сайын маңыздылығын арттырып, қоғамдық сананың жаңғыруына айтарлықтай әсер етуде. Қазіргі таңда тың бағдарламалар мен жобалар арқылы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру кеңістік қалыптасты.

Бағдарламаның мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Қаситетті Ұлы Далада ғасырлар бойы қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске серпіліс беру, ұлттық рухани құндылықтар мен көшпелілердің баға жетпес мұрасын әлемге паш ету. Бүгінгі күні елімізде атқарылып жатқан іс-шаралардың ауқымы мен нәтижелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жасампаздығын көрсетіп отыр.

Солтүстік Қазақстан өңірінің әлеуеті «Рухани жаңғыру» мақаласын көптен күткен сыйлы қонағындай қарсы алды. Бағдарлама енгізілген алғашқы күннен бастап оны жүзеге асыру мақсатында барлық атқарушы механизм тетіктері қосылып, іс-шараларды жүзеге асыру алаңына топтастырылды. 2017 жылы мақала жарияланғаннан кейін М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің базасында бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі ашылып, барлық салалар бойынша мамандар топтастырылды. Бағдарламаның «*Рухани қазына*», «*Тәрбие және білім*», «*Латын әліпбиіне көшу*», «*Туған жер*», «*Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы*», «*Қазақстандағы 100 жаңа есім*» бағыттары бойынша қомақты жобалар құрастырылып, жүзеге асырылды.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы да бағдарламада айқындалған бағыттарды және жобаларды жүзеге асыруға жұмыла кірісіп, жастарды отансүйгіштікке, руханилықты саналарына және бойларына сіңіре тәрбиелеуде қомақты жұмыстар атқаруда. Елімізде жоғары оқу орындарының арасынан алғашқылардың бірі болып «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институт ашып, университет қабырғасында жүргізілетін іс-шараларды бір арнаға тоғыстыратын орталыққа айналды. Соның негізінде өңірдің тарихи-мәдени дамуына, материалдық және рухани мұрасына, тұлғатану бағытында терең зерттеулер жүргізіп, тың еңбектерді ғылыми айналымға қосып жатыр.

«Рухани Жаңғыру» еліміздің болашағы үшін керек бағдарлама. Бүгінгі әлемде және елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты бәріміз бір болайық, ағайын. «Бірлік бар жерде, тірлік бар!»